

Ортаңғы №2 «Күншуақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы
Желтоқсан айы, ІІІ-апта (14.12. -20.12.2020ж.)

Өтпелі тақырып:"Менің Қазақстаным."

Апталық тақырып:"Туған өлкенің өсімдіктері."

Мақсаты: Балаларға өздерінің Отаны туралы түсінік беру. Балалардың бойында рухани – адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, олардың патриоттық сезімдерін оятуға ықпал жасау. Өз туған жеріне деген патриоттық сезімге, өз Отанын сүйе білуге тәрбиелеу.

Міндеті: Отан деген сөздің мағынасын ұғыну. Өз Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 14.12.2020ж.	Сейсенбі 15.12.2020ж.	Жұма 20.12.2020ж.(18.12.20ж.)
Балаларды қабылдау Ата – аналармен әңгімелесу	8.00-8.40	Ата-аналар мен балалармен амандасу. Балаларды қабылдап, т өлшеу, тазалығын тексеру.		
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)		<p>Дидактикалық ойын: «Бұл қандай түс?»</p> <p>Мақсаты: Балаларға пирамида ойыншығы бойынша түстерді ажыратуға үйрету</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Оң және сол»</p> <p>Мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру.</p> <p>Ойынның құрал-жабдықтары: үлкендігі әртүрлі ойыншықтар.</p>	<p>Саусақ жаттығуы. Мысық пен тышқан.</p> <p>Тышқан қашты мысықтан Қатты-қатты жүгірді. Орын тапты қуыстан Зәресін мысық ұшырды. Қарады мысық тесіктен, Тышқанға бері шық,-деді. Еденді ұрды "Тук-тук"деп, Тырналады, кетпеді.</p>
Таңертеңгілік жаттығу		Ертеңгілік жаттығу кешені:"Текшемен"		
Таңғы ас		Балаларға қолды дұрыс жууға, құрғатып сүртуге үйрету. Таза және ұқыпты тамақтануға қасық, кесе, сүлгіні орынды қолдануға және тамақтану кезінде аузын жауып жеуге үйрету. Балаларға тамақ ішкенде жан –жағына алаңдамай отыруға дағдыландыру.Тамақ ішіп болған соң майлықты қолдандыру.		
Ұйымдастырыған оқу – қызметіне (ҰОҚ) дайындық	8.40-9.15	<p>Дидактикалық ойын: "Бұл қай кезде болады?"</p> <p>Мақсаты: Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау, пысықтау, тиісті белгілерін атату.</p>	<p>Дидактикалық ойын:"Суретші қай жерде қателесті?"</p> <p>Мақсаты:Балалар зейін қойып қарауға,суреттерді ажырата білуге дағдыландыру.</p>	<p>Қимылды ойын:"Қасқыр мен қоян".</p> <p>Мақсаты:Тәрбиеші сөзін тыңдауға,ойын мазмұнына сәйкес қимылдар жасауға,кеңістікті бағдарлауға,өз орындарын табуға</p>

			үйрету.	
Мектепке дейінгі ұйым бойынша ұйымдастырған оқу қызметтері	9.15-10.20	<p>1."Қатынас" Орыс тілі Тема: «Растительный мир» Цель: Познакомить детей с названиями деревьев ближайшего окружения и цветами растущими на участке и в уголке природы. Закрепить основные цвета. Развивать фонематическое восприятие, зрительное внимание; Воспитывать любовь к родной природе</p> <p>2"Таным" Математика негіздері Тақырыбы: «Гүлдер әлемі» Мақсаты: Балаларға ересектер мен балалардың іс-әрекеттерінің өзгеруі бойынша тәулік бөлігін ажыратуды үйрету. Суретке қарап уақытты бағдарлай білу қабілеттерін дамыту. Әдіс-тәсіл: 1.Амандасу. 2.Жұмбақ жасыру. Жартысы жадыратып нұр себеді, Қалғаны қара мақпал бүркенеді(тәулік) Бір тәулікте 4 мезгіл болады:таңертең,күндіз,кеш,түн. 1 күннің тәртібімен таныстыру. 3.Қ/ойын:"Күн мен түн". 4.Сергіту сәті. 5.Сұрақ-жауап,мадақтау.</p>	<p>2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Әдемі гүлдер» Мақсаты: Өсімдіктер туралы әңгімелеу. Еденде жатқан заттардан аттап жүруді дененің тік ұсталуын сақтауды үйрету. Қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре көлбеу тақтай бойымен еңбектей білуін бекіту, ептілікті дамыту.</p> <p>3"Шығармашылық" Музыка Тақырыбы : «Бау-бақшам» (Ө. Бейсеуов) Мақсаты:Өсімдіктер туралы түсінік беру. Музыканы сезіну және «төмен», «жоғары» дыбыстарды айта білуге, жаттығулар жасай білуге үйрету.</p>	<p>1."Қатынас" Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Шырша әні» (өлең) Ө.Дүйсенбиев Мақсаты: Мәңгі жасыл шыршаның қысы-жазы бір түсте болатындығын айта отырып, жаттаудың мазмұнына қарай, қимылмен көрсете отырып, мәнерлеп айтуға үйрету. Жаңа жыл мерекесінің сәні екендігі туралы түсінік қалыптастыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Мерекені сезініп, көңіл – күйлерін көтеріп, шын көңілмен қуана білуге тәрбиелеу.</p> <p>1."Таным" Құрастыру Тақырыбы: «Гүлдерге арналған сөре» Мақсаты: Өсімдіктер туралы білімдерін кеңейту. Құрылыс материалдарды қолдана отырып, гүлдерге арналған сөрені құрастыруға үйрету, балаларды ептілікке, жинақылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Әдіс-тәсіл: 1.Жұмбақ жасыру. Тікен,тікен тік пісте. Қысы жазы бір түсте.(шырша) "Шырша әні"атты өлеңді оқып, мәнерлеп айтуға үйрету. 2.Жаңа жылда шырша құрылып,мерекенің сәні болатынын айту. 3.Сергіту сәті. 4.Д/ойын:"Гүлдерді құрастыр." 5.Сол гүлдерге арнап сөрені құрастыру.Құрылыс текшелердің көмегімен сөрені құрастыру. 6,Сұрақ-жауап,мадақтау.</p>

Серуенге дайындық	10.20-10.40	Киімдерін ретімен киюге үйрету. Киімді дұрыс орнына жинауды жалғастыру, бір-біріне көмектесіп алғыс айтуға тәрбиелеу.		
	10.40-12.00	1. Бұлттарды бақылау. Мақсаты: Күннің жиі бұлт болып тұратындығын, бұлттың қозғалысын тамашалау. 2. Еңбек. Алаңды реттеу. 3. Қимылды ойын: "Мысық пен тышқан" 4. Жеке жұмыс: Айназ бен Аминаттан қыс айларын сұрау. 5. Еркін ойындар:	1 Қыстағы аула тазалаушы еңбегін бақылау. Мақсаты: Аула тазалаушы еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікті арттыру. 2 Еңбек: Ойын алаңын реттеу. 3. Қимылды ойын: "Поезд" 4. Жеке жұмыс: Айбибіге сөйлеу мәнерінің тәсілдерін үйрету. 5. Еркін ойындар:	Көліктерді бақылау. Мақсаты: Көліктердің пішінін, түсін ажырату. Биік-аласа ұғымдарын бекіту. 2. Еңбек: Ойын алаңын жинастыру. 3. Қимылды ойын: «Торғайлар мен автокөлік» 4. Жеке жұмыс: Бекжан мен Нұрасылдан қыс мезгілінің ерекшелігін сұрау. 5. Еркін ойындар:
Серуеннен оралу	12.00-12.20	Балаларға сыртқы киімдерін шешіп, сөрелеріне ұқыпты жинауға дағдыландыру. Қолдарын таза жууға үйрету.		
Түскі ас	12.20-13.00	Балаларға тамақтану кезінде тыныш отыруға дағдыландыру. Астарына дәмділік тілеу.		
Түскі ұйқы	13.00-15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау		
		Жәй әуенді тыңдату арқылы жәйлі, тәтті ұйқыға жатқызу	"Қасқыр мен жеті лақ" ертегісін айту арқылы ұйықтату	"Қызыл телпек" ертегісін оқып беру арқылы ұйықтату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	15.10-15.40	Балаларды ұйқыдан оятып, керілу, созылу жаттығуларын жасату. Төсек үстінде қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, оң аяқтарын көтеру, екі аяғын бірге ұстап түсіру.		
Бесін ас	15.40-16.10	Балаларды тамақты ұқыпты ішуге дағдыландыру. Балаларға майлықты дұрыс қолдануға үйрету.		

<p>Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар</p>	<p>16.10-16.30</p>	<p>Вариативтік компонент:"Сиқырлы әлем." Тақырыбы: "Қошақан" Мақсаты: Қошақанның суретін, оның өзіндік ершеліктерін бере отырып, мақтамен безендіру. Қошақанның дене құрылысы туралы ұғымды бекіту. Желіммен жұмыс жасау машығын дамыту. Ұқыптылыққа, бейнелеу үшін түрлі материал қолдануға құмарлыққа тәрбиелеу</p> <p>Айбибі мен Ақылбектен қыс ерекшелігін сұрау.</p>	<p>Сюжеттік рөлдік ойын: "Шалқан"ертегісі. Мақсаты: балаларды ертегі кейіпкерлерімен таныстыру. Ой өрістерін қалыптастырып, ертегі қиялдарына шолу.</p> <p>Мадина мен Аянадан ертегі кейіпкерлерін сұрау.</p>	<p>Сурет салу:"Өз ойлары бойынша сурет салу" Мақсаты: Өз ойларымен сурет салу қабілетін дамыту, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.</p> <p>Аружан мен Нұрасылдан түстерді ажырата білуге үйрету</p>
<p>Серуенге дайынды</p>	<p>16.30-16.50</p>	<p>Балаларға ішке киетін киімдерін сөрелеріне жинап, сырт киімдерін кигізу.</p>		
<p>Серуен</p>	<p>16.50-17.50</p>	<p>Құстарды бақылау Мақсаты: Торғай мен көгершінді салыстыру. Қимылды ойын:"Ұшты-ұшты " Мақсаты: Балаларды ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа үйрету.Ойынды ойын барысында түсіндіру Еркін ойындар</p>	<p>Қыс мезгілінің ерекшелігін бақылау Мақсаты:Қыс мезгілінде қар жауып,күн аяз болатынын сезіну. Қимылды ойын: "Жалауша" Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу Еркін ойындар</p>	<p>Кешкі ауа-райын бақылау. Мақсаты:Қыс мезгілінің ауа райын сезіну. Қимылды ойын: "Қай жерден дыбыс шығады" Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға, кеңістікте бағдарлау, ептілікке үйрету. Еркін ойындар</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>17.50-18.00</p>	<p>Аяқ киімдерін кіре беріс жерге шешуге,киімдерін ретімен шешіп,жинап қоюға дағдыландыру.Қолдарын дұрыс жууға үйрету.құрғатып сүртулерін қадағалау.</p>		
<p>Балалардың үйге қайтуы.</p>	<p>18.00-18.30</p>	<p>Ата-аналармен балалардың тәртібі туралы сөйлесу.</p>	<p>Ата-аналарға төлем ақысын ұмытпауды ескерту</p>	<p>Балалардың тазалығы туралы әңгімелесу.</p>